



Бекітімін  
Мектеп директоры ма Небусинова А.Б  
2024 жыл

**Ақсу негізгі орта мектебі 2024-2025 оқу жылының I жарты  
жылдығында жүргізілген психологиялық қызметтің есебі**

## **Ақсу негізгі орта мектебі 2024-2025 оқу жылдарында I жарты жылдығында жүргізілген психологиялық қызметтің есебі**

**Психологиялық қызметтің мақсаты-** білім беру үйымдарында білім алушылардың психологиялық деңсаулығын сактау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық колдау көрсету. Психологиялық агартушылық, психологиялық алдын-алу, психологиялық және психо-педагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кенес беру бағыттары бойынша жұмыстар жүргізді.

**Үйымдастыру бағытында :** қыркүйек айында жүргізілген жұмыстар класс жетекшілерден окушылар туралы мәліметтер жинақталып , әр окушының карталары толтырылды . Өтей әке – аналармен тұратын окушылар жок .

**Диагностикалау бағытында :** Жұмыстың көп бөлігін психодиагностика аткарады, өйткені оның мақсаты окушыларды сүйемелдеу процесін акпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Психодиагностиканың негізгі әдістері-тесттер, сауламалар, бакылау. 1-сынып окушыларының бейімелуі «Керн Йирасек әдістемесі алынды. Мақсаты: 1 - сынып окушыларының мектепке психологиялық тұрғыдан даярлығын, кимыл әрекетінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықтау. Ата – анаға ұсыныс: балаларына үйден үнемі колдау көрсетіп, жұмыстану. Қортынды: Тест көртіндісі бойынша « мектепке жетілмеген», яғни төмен деңгей көрсеткен окушы жок. Такырыбы: Балалардың окуға психологиялық дайындығын зерттеу. Мақсаты: Жеткіншек шак (12-14 жас) жасындағылардың окуға психологиялық дайындығын зерттеу. 6 класс. «Досыма сыйлық» окушылар бірінші еркін тақырыпқа 3 минут сурет салды.

Екінші тапсырмада аяқталмаған суретті жаңындағы досы аяқтады. Жылы лебіздерін жазды. Досының салған суретін өшіріп, жөндеуге болмайтындығы ескертілді. Қортынды: паракта достың қолтаңбасы, жылы лебізі бар болғандықтан маңызды екендігі түсіндірілді. Өзара сыйластық пен тәртіп оку үлгерімге үлкен әсері бар. Окушылар бір-біріне мейірім білдірді. Окуға дайындық қалыпты. Такырыбы: Басса Дарки . Мақсаты: Агрессиялық міnez құлықты анықтау 7 класс. Окушыларға саулнама жүргізілді. Қортынды: Агрессиялық түрлері анықталмады. Такырыбы: « Қызығушылығын кандай ? » Мақсаты: Ең басты қызығушылығын анықтау. 6 класс. Қызығушылықты анықтайтын сұраптары бар саулнамалар берілді . Қортынды: Бір окушының ағылшын тілі пәніне бейімділігі анықталды. Такырыбы: Н.Лусканова «Оку мотивациясы» Мақсаты: Окуға деген ішкі уәжін анықтау . 8 класс. Окушыларға саулнама жүргізілді. Қортынды: Оку мотивациясы қалыпты. Такырыбы: «Дасс» саулнамасы . Мақсаты: депрессия , мазасыздық , стресс анықтау. 9 класс. Окушыларға саулнама жүргізілді. Қортынды: депрессия , мазасыздық , стресс анықталмады. Такырыбы: Кактус . Мақсаты: баланың эмоционалдық жағдайын және агрессияны анықтау. 4 класс. Ақ қағаз бен қарындаш беріліп , өздерінің қалауынша кактустың суретін салу тапсырылды . Қортынды: суретті өндегенде көлеміне, орналасуына , инелердің санына көніл бөлінді . Балалардың эмоционалдық жағдайы қалыпты. Агрессия анықталмады. Такырыбы: Мектепке қарым – катынасым. Мақсаты: ортамен қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру. 5 класс. Окушыларға саулнама жүргізілді. Қортынды: мектепке бейімделушілік қалыпты . Такырыбы: Штур . Мақсаты: ақыл – ой дамуын анықтау . 7 класс . Ақыл – ой дамуының мектептік тест Штур жүргізілді . Әрбір тапсырмалар жинағына түсініктеме берілді . Шешілу тәсілдері көрсетілді . Шектеулі уақыт берілді . Қортынды: ой – өрісін зерттеу іріктемелері бойынша ақыл – ой дамуы қалыпты . Такырыбы: социометрия. Мақсаты: сынып окушылары арасындағы қарым – қатынасты зерттеу . 7 класс. Кім таңдайды. Кімді таңдайды. Таңдау матрицасы жасалды. «Таңдау матрицасындағы» мағлұматтарды өндеп болған соң «Социограмма» жасалды. Қортынды: Оқшауланған , елеусіз немесе шеттеп қалған окушы анықталмады. Такырыбы: «Клинов» кәсіби бағдар. Мақсаты: окушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау . 9 класс. Клиновтың дифференциалды диагностикалық саулнамасы жүргізілді . Кәсіби өзін-өзі анықтауга көмек берілді . Қортынды: Мамандықтардың

ерекшеліктері талқыланды. Окушылардың көсібі таңдауы анықталды. Тақырыбы: Компьютерлік ойындар мен интернетке тәуелділікті анықтауга арналған сауалнама. Мақсаты: галамторға және компьютерлік ойындарға тәуелділік деңгейін анықтау мақсатында тест сұрапашалар берілді. 8 класс. Корытынды: тәуелді деңгейдегі сыналушы анықталмады. Тәуелділіктің түрі айқын көрінбелі. Тақырыбы: Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы корлау, мазактау, намысқа тиу секілді жағдайлардың алдын алу. СМС-хабарламалар, әлеуметті жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, интернет желісін колдану шарттары айтылды. 9 класс. СМС-хабарламалар, әлеуметті желілер, абыройды төгетін веб-парапашалар ашу немесе корлайтын, тілтигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, интернет желісін колдану шарттары айтылды. Жұмыс қорытындысы: ешкімнің ешкімді түсіндіріліп, интернет желісін колдану шарттары айтылды. Тақырыбы: «Зунге» сауалнамасы. Мақсаты: "Аутодеструктивті іс - әрекеттің алдын алу". 7 класс. Сауалнама алынды, сонында окушылармен тренинг жүргізілді. Корытынды: Депрессиялық жағдайлар және депрессияга жақын жағдайлар анықталмады. Тақырыбы: «Мен және менің дінге көзқарасым». Мақсаты: окушылардың дінге деген көзқарасын анықтау. 9 класс. Діни экстремизмнің алдын алу және окушылардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында окушылар мен олардың ата-аналарымен әңгіме, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Корытынды: 9 сынып окушылары және жақындары арасында өзге дінге тартылған окушылар және жақындары мен достары анықталған жок. Тақырыбы: Зорлық – зомбылықты анықтау. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықты анықтау. 8 класс. Зорлық – зомбылыққа тап болған және күә болған жағдайда қалай әрекет ету керектігі және кімнен көмек сұрау керектігі туралы түсіндірілді. Корытынды: Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте, мектептен тыс окушыларға жасалған зорлық-зомбылық туралы фактілері анықталмады. Тақырыбы: Дасс сауалнамасы. Мақсаты: қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау. 8 класс. Дасс сауалнамасы алынды. Корытынды: қорқыныш, стресс, депрессия анықталмады. Тақырыбы: Сыныптағы аутодеструктивті мінез-құлық танытатын окушыларды анықтау. Мақсаты: сыныптағы окушылардың тәртібі мен аутодеструктивті мінез-құлқын анықтау. 5 класс. Сауалнама жүргізілді. Корытынды: сыныптағы окушылар арасынан тәртібі кын, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім окушылар анықталмады. Тақырыбы: «Стресс тест». Мақсаты: Окушыда стресс бар жоғын анықтау. 9 класс. Сауалнама жүргізілді. Корытынды: Бағалау шкаласы бойынша окушылардан стресс анықталмады.

**Профилактика бағыты бойынша:** Тақырыбы: Балаларды мектепке және орта буынға бейімдеу. Мақсаты: Тұлғалы әлеуметтік пайдалы қарым-қатынасқа бейімдеу. 5 класс. «Қарым-қатынаста мен қандаймын?» тест жүргізілді. Корытынды; Изар Ерәділ -31 балл достары мен таныстарын тындалап, түсініп бағалайды. Өз мүмкіндіктерін жоғары бағалайды, өз іс-әрекетін бақылайды. Айтекенов Мадияр -19 балл. Достары аз ұялшак. Қарым-қатынаста жалғыз болғанды қалайды. Ұсыныс: Сабактан тыс уақытта белсенді окушылардың жетекшілік рөлін пайдаланып қалайды. Тақырыбы: Мектепке әлеуметтік психологиялық бейімдеу. Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін логикалық ойын-жаттығу арқылы дамыту. 1 класс. Корытынды; «Мозайка» құрастыру ойнын өткізуілді. 1 класс окушысы Сагын Алуа жұмыс барысында қызыгуышылығы мен белсенділігі артты. Тақырыбы: Мектепке әлеуметтік психологиялық бейімдеу. Мақсаты: көруді дамыту, ақпаратты есте сактауды дамыту. 2 класс. «Шульте» кестесімен жұмыс істеуді үйретіп түсіну. Көз жаттығулары жүргізілді. Корытынды; Көзбен жұмыс істеу арқылы ақпаратты түсіну шапшаңдығы арттырылды. Тақырыбы: Мектепке әлеуметтік психологиялық бейімдеу. Мақсаты: көз жаттығуын дамыта отырып, жылдам оқытуға үйрету. 3 класс. «Шульте» кестесімен жұмыс істей отырып, көзді кестенін орталық болғімен жұмыс істеуге үйрете отырып, көздің камту аймағы кенейтілді. Корытынды; Окушылар көздеріне жаттығу жасай отырып, оку жылдамдығын арттыруды. Тақырыбы: Мектепке әлеуметтік психологиялық бейімдеу. Мақсаты: көз жаттығуын дамыта

отырып, жылдам оқытуға үйрету, негізгі сезім мүшесі көзге бір сәтте көп сөздерді сиғызу.<sup>4</sup> класс. Жақсы көңіл-күй орнату үшін музыкамен бастап, жылдам оқудағы негізгі сезім мүшесі көзге бір сәтте көп сөздерді сиғызу жаттығуы жүргізілді. Қорытынды: оқушылар бір – бірімен жақсы қарым – қатынаста бола отырып, бір сәтте басты қозғамай көздеріне жаттығу жұмысын жасап, жылдам оқу жолдары үйретілді. Тақырыбы: Мектепке әлеуметтік психологиялық бейімдеу. Мақсаты: оқушыны әлеуметтік пайдалы қарым – қатынасқа бейімдеу.<sup>6</sup> класс . «Қарым – қатынаста мен қандаймын?» тест жүргізілді. Қорытынды: оқушылар бір – бірімен жақсы қарам – қатынаста екені анықталды. Тақырыбы: Мектепке әлеуметтік психологиялық бейімдеу. Мақсаты: оқушыны әлеуметтік пайдалы қарым – қатынасқа бейімдеу.<sup>8</sup> класс .«Қарым – қатынаста мен қандаймын?» тест жүргізілді. Қорытынды: Кенжетай Сағыныш өз мүмкіндігін жогары бағалайды. Зейінді, өз іс-әрекетін бақылыш отырады.

**Тұзету-дамыту бағыты бойынша :** Тақырыбы: «Зорлық – зомбылыққа тап болған жағдайда қай жерден, кімнен көмек сұрай аламыз?» Мақсаты: зорлы-зомбылық туралы мағлұмат беру.<sup>5</sup> класс. Сергіту жаттығуы жасалды. Қорытынды: зорлық- зомбылық адамның жаны мен тәніне үлкен зардан әкелетін соққы екені түсіндірілді және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екені айтылды. Өздері жүрек орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармай, әдепті де тәртіпті болу керектігі түсіндірілді. Тақырыбы: логикалық жаттығулар «Есті дамытуға арналған ойындар» Мақсаты: оку үрдісінде әсерлі есте сақтау дағдыларын қалыптастыру .<sup>5</sup> класс .«Киял арқылы сөздерді есте сақтау» жаттығуы. Балаларды логикалық байланысы жоқ сөздерді есте сақтауға үйретілді . Сөздер : ағаш, үстел , буғыш , себет , тарақ , сабын , кірпі , өшіргіш , кітап, күн. Осы сөздерді пайдаланып әңгіме құрастырылды. Балалар әңгімені тыңдал елестетті. Содан кейін өздері құрады. Бір-біріне айтып дағдыланды. Қортынды: тізбектеп айтылғандарды есте сақтау Айтекенов Мадиярда орташа деңгей көрсетті.

**Кеңес беру бағыты бойынша :** Тақырыбы: Буллинг деген не? Мақсаты: Қарапайым тілмен буллинг дегеніміз не екенін түсіндіру және қорғану жолдарын үйрету.<sup>2</sup> класс . Буллинг-кемсіту, келемеждеу, қорлау деген мағынаны білдіреді. Телефонға түсіріп алу, таратып жіберу сиякты әрекеттер кездеседі. Қортынды: Буллингке ұшырағандарға алғашқы кеңес-маманың көмегіне жүргіну. Тақырыбы: Балалар арасындағы буллинг және Кибербулинг . Мақсаты: Буллинг және кибербулинг туралы нақты анықтамалар бере отырып, ондай жағдайға тап болғанда қалай әрекет етуге үйрету.<sup>5</sup> класс . Оқушылар арнайы видео фильм көріп, буллинг түрлерін ажыратты. Пікірталас үйымдастырылы, өз ойларын ортаға салды. Құресу жолдарымен хабардар болды. Тақырыбы: Ғаламтор жүйесіндегі адамның өміріне қауіп төндіретін сайттарға кіруіне бақылау жасау. Мақсаты: Тиым салынған сайттарды пайдалануды шектеу.<sup>8-9</sup> класс . Ғаламтор қойнауы адамгершілік құндылықтармен қатар, қаржылық зиянды бағдарламалар қауіптерге душар етеді. Экстремизм, деструктивті діни ағымдар, құмар ойындар, нашақорлық және т.б насихаттаушы қауіпті ресурстарды пайдаланбау туралы түсіндірілді. Қорытынды: балалар бейресми түрде таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасамау керектігін түсінді. Тақырыбы: 5 сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері. Мақсаты: пәндей окуға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан бағыт-бағдар беру.<sup>5</sup> класс . Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, жаңа мұғалімдермен жағымды қарым-қатынас жасауға бағыт-бағдар берілді . Қорытынды: Айтекенов Мадиярдың өзін-өзі бағалауы, бейімделуі орташа екені анықталды. Тақырыбы: «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі». Мақсаты: қыз балага адамгершілік, адалдық, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы туралы мәлімет беру .<sup>8</sup> класс . Шара барысында ашық әңгіме, сұрақ жауап жүргізіліп, кеңес берілді . Қортынды: әдет-ғұрып, қыз сымбаты, төзімділік туралы мағлұмат алды. Тақырыбы: «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ ». Мақсаты: оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беру, жаман әдеттерге бармауға тәрбиелеу .<sup>3</sup> класс . Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, уайымсыз өмір сүруі екендігі түсіндірілді. Қортынды: зорлық – зомбылықсыз өмір сүрудің негізгі кепілі – заң екенің түсінді . Инабаттылыққа, қайырымдылыққа баулынды . Тақырыбы: «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын ». Мақсаты: зорлық – зомбылық

адамның өмірі мен деңсаулығына қауіпті екендігін түсіндіріп , алдын алу шаралары туралы кеңес беру .9 класс. Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылыштардан, яғни зорлық – зомбылықтан аулақ болу туралы ой пікірлер ортага салынды .Көртынды: зорлық-зомбылық түрлерімен таныстырылып , өздері жаман әдеттен аулақ болып , зорлық – зомбылыққа қарсы күресіп , өз күкшілдіктерін қамтамасыз ету және қорғау керектігін түсінді .

